

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 қарашадағы № 1063 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № 150 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.03.2022 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2019 № 746 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне және "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2019 № 746 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Барлық санаттағы жерлерден ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру және кеңейту үшін жер участкерлерін алу (сатып алу), ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы бөгде үйлер, ғимараттар мен объектілерді құлату, сыртқа шығару, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жер участкерлерін, үйлер мен ғимараттарды ғылыми, туристік және рекреациялық қызметтер үшін жалға беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы № 240 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2004 ж., № 10, 130-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 7 қарашадағы
№ 1063 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

Ескерту. Қағида жана редакцияда – КР Үкіметінің 09.10.2019 № 746 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде (бұдан әрі – ұлттық парктер) туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) инфрақұрылымды дамытудың бас жоспары (бұдан әрі – бас жоспар) – ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі техникалық-экономикалық негіздеменің құрамдас бөлігі болып табылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақты және оның инфрақұрылымын жоспарлау жобасы;

2) туристік маршрут (бұдан әрі – маршрут) – туристің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүру жолы, оны туристік оператор әзірлейді және ол туристік қызмет объектілеріне баруы егжей-тегжейлі регламентtelген (пайдаланылатын көлік, тоқтайтын орындар, бару объектілері, түнейтін жерлер, шұғыл жағдайлардағы медициналық көмек және басқа да жағдайлар) осындай баруды қамтиды;

3) туристік соқпақ – жаяу, велосипедпен немесе атпен (салт атпен) жүргуге арналған ұзыннан-ұзақ жер участкесі;

4) құрылымдық объектілері – салынуы бас жоспарда көзделген туристік және рекреациялық мақсаттағы объектілер;

5) экологиялық туризм – табиғи объектілермен және дәстүрлі мәдениеттермен олардың компоненттерін жоймай және алғы қоймай танысу мақсатында және жақын мандағы елді мекендерде тұратын азаматтардың Қесіпкерлік қызметтің дамытуға ықпал ететін табиғи жерлерге саяхат.

Ескерту. 2-тармақта өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 22.09.2021 № 662 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Ұлттық парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру тәртібі

3. Ұлттық парктерде туристік және рекреациялық қызмет әкімшілік-шаруашылық мақсаттағы объектілерді орналастыру, мемлекеттік ұлттық табиғи парктің қорғалуын және жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті шаруашылық қызмет жүргізу, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, жануарлар дүниесін жалпы пайдалануды ұйымдастыруды қоса алғанда, оған келушілерге қызмет көрсету, рекреациялық орталықтар, жабайы жануарларды өсіруге және күтіп-бағуға арналған вольерлер, қонақ үйлер, кемпингтер, музейлер мен туристерге қызмет көрсетудің басқа да объектілерін салуды және пайдалануды жүзеге асыру, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық қызмет аймақтарында рекреациялық жүктемелердің нормаларын ескере отырып, дем алу алаңқайлары мен тамашалау аландарын, жағажайларды, қайық станцияларын, суда жүзетін көлік түрлері мен жағажай құрал-жабдығын жалға беру пункттерін орнату жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 22.09.2021 № 662 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Ұлттық парктердегі туристік және рекреациялық қызметті туристік операторлық қызметке арналған лицензиясы болса, ұлттық парк тікелей, сондай-ақ туристік қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

Ұлттық парк туристік және рекреациялық қызметті ұйымдастыруды "КР СТ ISO 18065-2017. Табиғат қорғау аумақтарының әкімшілігі ұсынатын қоғамдық пайдалануға арналған туристік қызметтер" ұлттық стандартына сәйкес қамтамасыз етеді.

Туристік қызмет көрсететін тұлғалар және туристер "СТ РК 2993-2017. Туристік қызметтер. Экологиялық туризм. Жалпы талаптар" ұлттық стандартының талаптарын ұстанады.

Ұлттық парктер аумағында демалушы туристер үшін Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес сервитут белгіленеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 22.09.2021 № 662 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін ұлттық парктердің участекелері (бұдан әрі – участекелер) Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 29-бабында белгілеген шектеулермен жеке және заңды тұлғаларға жиырма бес жылға дейінгі мерзімге ұзақ мерзімді пайдалануға және бес жылға дейінгі мерзімге қысқа мерзімді пайдалануға беріледі.

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің участекелері туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының

мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасқан жекеше әріптеске де қысқа мерзімді және ұзак мерзімді пайдалануға беріледі.

Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыруға арналған участекер бас жоспарға сәйкес және қолданыстағы инфрақұрылымы бар туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық қызмет аймақтарында ғана және жаңа инфрақұрылым құру үшін де пайдалануға беріледі.

Аумағында автокөлік құралдарына арналған жолдар мен тұрақтар, туристік соқпақтар, маршруттар орналасқан ұлттық парктар участекері пайдалануға берілмейді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 22.09.2021 № 662 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру кезінде жеке және заңды тұлғалар пайдалануға берілген участекерде туристерді қабылдайды және Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес өзінің жұмыскерлері мен келушілерге арнап ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін міндettі төлемдерді енгізуі қамтамасыз етеді.

7. Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін ұлттық парктар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) және ұлттық парктің ресми интернет-ресурстарында ұлттық парктердің туристік әлеуеті туралы ақпарат орналастырады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 22.09.2021 № 662 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Бивак аялдамалары мен тамашалау алаңдарын ұйымдастыру және олардың құрылғыларын пайдалану үшін жеке және заңды тұлғалар ұлттық паркпен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ұлттық парктің участекесін қысқа мерзімді пайдалану шартын жасасады.

Ұлттық парктердің аумағында объектілерді орналастыруға арналған участекер туралы әлеуетті инвесторларды хабардар ету үшін уәкілетті орган мен ұлттық парктің ресми интернет-ресурсында бас жоспардың үзіндісі орналастырылады.

9. Уәкілетті органның жазбаша хабарламасына сәйкес құрылыш объектілері басқа тұлғаға берілген не шартта өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін ұзак мерзімді пайдалануға берілген участекі пайдалану құқығының ауысуына қарамастан, жеке және заңды тұлғалардың участекі мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің , сондай-ақ оның аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілерінің

сақталуын қамтамасыз ететін қүйге келтіру және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды орындау бойынша міндеттемелері сақталады.

10. Туристік соқпақтарды, маршруттарды орналастыруды жобалауды ұлттық парк және (немесе) ұлттық паркпен келісу бойынша туроператорлар жүзеге асырады.

11. Туристік соқпақты, маршрутты жобалау ол өтетін аумаққа зерттеу жүргізуі көздейді және ол:

1) қыстақтардың, бивак аялдамаларының (алаңқайларының), көлікке арналған тұрақтардың, кемпингтердің, шатырлы лагерьлердің, тамашалау алаңдарының, суретке түсіру және қоғамдық тамақтандыру пункттерінің, туристік мұкәммалдың, құрал-саймандардың және көлік құралдарының қажетті мөлшерінің есеп-қисабын;

2) туризм бойынша нұсқаушыларға, басқа да қызмет көрсетуші персоналға қажеттілікті айқындауды және оларды даярлауды ұйымдастыруды, маршрут сипатталған жарнамалық-ақпараттық материалдар дайындауды;

3) рекреациялық жүктеменің есеп-қисабын қамтиды.

12. Экспедициялық зерттеу экологиялық және санитариялық-гигиеналық нормалар мен талаптарға сай келетін, сондай-ақ туризмнің нақты түрін дамытудың шынайы мүмкіндіктерін ескере отырып, табиғи жағдайлары қолайлы аумақтар бойынша жүзеге асырылады.

13. Туристік соқпақты, маршрутты жобалау кезінде нұсқаушылардың оны қауіпсіз жүріп өту үшін қажетті біліктілігі, оның ұзақтығы, ауданның климаттық, географиялық көрсеткіштері, тау беткейлерінің еңісі және өзендер ағысының жылдамдығы ескеріледі.

14. Ұлттық парктердегі әрбір туристік соқпақтың, маршруттың уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша паспорттары болады.

3. Ұлттық парктің участекерін құрылыш объектілері үшін ұзақ мерзімді пайдалануға беру тәртібі

15. Ұлттық парктің тендерге қойылатын участекесін ұзақ мерзімді пайдалануға беру үшін ұлттық парк тендерлік құжаттама дайындаиды, ол ұлттық парктің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның бүйрүғымен бекітіледі.

16. Тендерлік құжаттамада:

- 1) бас жоспарға сәйкес қалыптастырылған тендерге қойылатын лот (лоттар);
- 2) тендердің өткізілетін уақыты мен орны туралы ақпарат;
- 3) тендерлік өтінімдер берудің тәсілі, орны және соңғы мерзімі мен олардың қолданылу мерзімі;
- 4) пайдалану үшін участеке беру шарттары, оның нысаналы мақсаты;

5) жобалау-сметалық құжаттаманы (бұдан әрі – ЖСҚ) әзірлеу және объектілерді салу мерзімі (бұл ретте ЖСҚ әзірлеу мерзімі күнтізбелік бір жылдан, ал объектіні салу мерзімі күнтізбелік үш жылдан аспайтын уақытқа белгіленеді);

6) инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салу, құрылыс объектісіне іргелес аумақты абаттандыру, қабат саны, құрылыс кезінде қолданылатын материалдар, құрылыс кезінде жиналатын қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі талаптар;

7) құрылыс салынатын жер участекінде орналасқан жылжымайтын мүлікті бұзуга байланысты барлық шығындарды Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес өтеу жөніндегі талаптар;

8) жер участекінде алаңы көрсетіліп, участек схемасы қоса берілген оны таңдау актісі қамтылады.

17. Ұлттық парк жаңындағы үйлестіру кеңесі мүшелерінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының аумағында ұлттық парк орналасқан тиісті облыстағы өнірлік кеңесі мүшелерінің, сондай-ақ әлеуетті қатысушылардың тендерлік құжаттама жобасын алдын ала талқылауы тендерлік құжаттаманы бекітудің міндетті шарты болып табылады.

Тендерлік құжаттаманың жобасы тендерді тендер өткізу туралы хабарландыру орналастырылғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын ұйымдастырушының және уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады. Тендерлік құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі күнтізбелік жиырма күнді құрайды.

Тендерлік құжаттамаға сұрақтар туындаған жағдайда, тендерлік құжаттаманы талқылауға қатысатын адамдар тендерлік құжаттаманың жобасы орналастырылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде тендерді ұйымдастырушыға тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен жүгінуге және тендерлік құжаттаманың жобасына негізделген ұсыныстар енгізуге құқылы.

Тендерлік құжаттаманың жобасына ескертулер болмаған жағдайда оны бекіту туралы шешім қабылданады.

Ескертулер болған жағдайда, тендерді ұйымдастырушы тендерлік құжаттаманы алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) тендерлік құжаттаманың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;

2) тендерлік құжаттаманың жобасына ескертулерді қабылдамау себептерінің негіздемелерін көрсетіп, оларды қабылдамайды;

3) тендерлік құжаттаманың ережелеріне түсініктеме береді.

Көрсетілген шешімдер қабылданған күннен бастап тендерлік құжаттама бекітілген болып есептеледі.

Тендерді ұйымдастыруши осы тармақтың бесінші бөлігінде көрсетілген шешімдердің бірін қабылдағаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей ұлттық парктің ресми интернет-ресурсында тендерлік құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасын, сондай-ақ бекітілген тендерлік құжаттаманың мәтінін орналастырады.

Тендерлік құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында тендерлік құжаттаманың жобасына келіп түскен ескертулер мен олар бойынша қабылданған шешімдер туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 22.09.2021 № 662 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Ұлттық парк тендер өткізілгенге дейін кемінде күнтізбелік отыз күн қалғанда Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралатын бұқаралық ақпарат құралдарында және ұлттық парк пен уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында алдағы тендер туралы хабарландыру орналастырады.

Тендер өткізу туралы хабарландырудың тендерді ұйымдастырушиның атауы мен орналасқан жері, қысқаша сипаттамасымен қоса тендерге қойылатын лоттардың тізбесі, тендерлік құжаттаманы алу орны мен тәсілдері, тендерлік өтінімдерді берудің орны мен соңғы мерзімі, тендерлік комиссия хатшысының байланыс деректері, (оның ішінде) электрондық мекенжайы көрсетіледі.

19. Тендерлік комиссия (бұдан әрі – комиссия) ұлттық парк басшысының бұйрығымен құрылады, оның құрамына ұлттық парктің, жергілікті атқарушы органдардың туризмді дамыту мәселелерімен айналысадын құрылымдық бөлімшесінің, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі жергілікті органының, үкіметтік емес ұйымдардың (келісу бойынша), ұлттық парк жанындағы үйлестіру кеңесінің өкілдері кіреді.

Комиссия мүшелерінің саны тақ, кемінде бес адам болуы тиіс. Комиссияның тәрағасы болып ұлттық парктің басшысы немесе оны алмастыратын адам, хатшысы болып ұлттық парктің комиссияның құрамына кірмейтін қызметкері тағайындалады.

20. Тендерлік құжаттаманы алу үшін әлеуettі қатысушы ұлттық паркке лоттарды көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді. Өтініш осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес хабарландырудың көрсетілген мекенжайға электрондық хат арқылы жіберілуі мүмкін.

21. Ұлттық парк тендердің әлеуетті қатысушыларын тіркегенге дейін тендерлік құжаттама алған тұлғаларға туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін бөлінген участкермен танысуға мүмкіндік береді.

22. Тендердің әлеуетті қатысушысы тендерлік құжаттамада белгіленген талаптар мен мерзімдерге сәйкес тендерлік өтінім дайындауды және оны жабық конвертте ұлттық паркке тіркеуге ұсынады. Тендерлік өтінім тіркелген сәттен бастап тендерлік өтінім берген тұлға тендерге қатысушы мәртебесін алады.

Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасының шетел қатыспайтын заңды тұлғаларына тендерге қатысуға рұқсат беріледі.

23. Тендерге қатысушы мынадай құжаттарды (мемлекеттік немесе орыс тілдерінде) ұсынады:

1) лоттар көрсетілген тендерге қатысуға арналған тендерлік өтінім;

2) заңды тұлғалар үшін – жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесі, жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) техникалық ерекшеліктер (ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбаларды және халықаралық немесе ұлттық стандарттарға сілтемелерді, бірыңғай нормалар мен қағидаларды қоса алғанда, ұсынылып отырған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық сипаттамасы);

4) жергілікті халық үшін жана жұмыс орындарын құруды және мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдай жасауды ескере отырып, мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілерінің, сондай-ақ оның аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған ұсынылатын қызметтер мен жұмыстардың тізбесі;

5) объектілер салу кезінде көзделетін жұмыстарды орындауға қойылатын талаптарға сәйкес берілген рұқсатнама құжаттарының көшірмелері немесе көшірмелері қоса берілген тиісті рұқсатнама құжаттары бар ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмесі;

6) объектілерді салуға жеткілікті қаржы қаражатының болуы немесе қарызы қаражатына қолжетімділік не тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы туралы құжаттар. Қаржы қаражатының болуы тендерге қатысу үшін ұсынылған сәтке дейін күнтізбелік үш айдан кешіктірмей екінші деңгейдегі банк берген анықтамамен расталады. Тендерге қатысушы жобаның қаржы-экономикалық моделіне қоса, жобаның бизнес-жоспарын қоса береді;

7) құрылыш объектілерінің болжанып отырған эскизі (эскиздік жобасы).

Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 22.09.2021 № 662 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Тендерге қатысуды шектейтін және орынсыз қыындататын басқа талаптарды белгілеуге жол берілмейді.

25. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді комиссия хатшысы қатысып отырған адамдарға тендерге қатысушылардың атаулары мен орналасқан жерлерін, олар қатысуды жоспарлап отырған лоттардың атауларын, тендерге ұсынылған құжаттардың тізбесін бір мезгілде хабарлай отырып ашады.

26. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу нәтижелері бойынша конверттер ашылған күні комиссия хатшысы конверттерді ашу хаттамасын жасайды, оған комиссияның барлық мүшелері қол қойып, расталған көшірмелер тендерге қатысушыларға беріледі.

27. Тендерлік өтінімдерді бағалауды комиссия конверттер ашылған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде өткізеді.

28. Басқа үміткерлер болмаған кезде тендердің жалғыз қатысушысы, егер ол осы Қағидалардың 23-тармағында көзделген талаптарды сақтаса, тендер жеңімпазы болып танылады.

29. Егер тендерге қатысушылардың тендерлік өтінімдерін комиссия тендерлік құжаттаманың шарттарына сай келмейді деп таныса, тендер өткізілмеді деп есептеледі.

30. Тендерге қатысушылардың арасынан оның жеңімпазын тандау комиссияның отырысында жүргізіледі, бұл ретте комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісінің қатысуы шарт. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер комиссияның қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілігі ол үшін дауыс берсе, қабылданады деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданады деп есептеледі.

Комиссияның кез келген мүшесі комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда ерекше пікірін білдіреді, оны жазбаша түрде баяндап, ұлттық парк участкелерін ұзақ мерзімді пайдалануға беруге арналған тендер қорытындыларының хаттамасына (бұдан әрі – тендер қорытындыларының хаттамасы) қоса береді.

31. Әрбір лот бойынша тендер қорытындыларының хаттамасына комиссияның қатысып отырған барлық мүшелері, хатшысы қол қояды және онда мынадай ақпарат қамтылады:

- 1) отырыска қатысқан комиссия мүшелерінің тізімі;
- 2) өтінім берушінің атауы және оның заңды мекенжайы;
- 3) ұзақ мерзімді пайдалануға берілетін жер участкесінің орналасқан жері және алаңы;
- 4) тендерлік өтінімдерді бағалау;
- 5) комиссияның шешімі.

32. Ұлттық парк тендер қорытындыларының хаттамасына қол қойылған сәттен бастап тендер жеңімпазына тендер нәтижелері туралы хабарлама жібереді және он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін участекін ұзақ мерзімді пайдалану шартын (бұдан әрі – шарт) жасайды.

Шарт жасалғаннан кейін тендер жеңімпазы ұлттық парктің участекін пайдаланушы (бұдан әрі – пайдаланушы) болып танылады.

33. Тендер жеңімпазының шарт жасасу үшін өзіне хабарлама жіберілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде келмеуі ұлттық парктің участекін пайдаланудан бас тарту ретінде қаралады.

Бұл жағдайда комиссия жеңімпазды ұлттық парктің участекін ұзақ мерзімді пайдалану бойынша ең қолайлы шарттар ұсынған тендерге қатысуышылардың қалғандарының арасынан айқындайды не бұл лот осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен келесі тендерге шығарылады.

34. Тендер нәтижелері мен қорытындыларының хаттамасын ұлттық парк тендер өткізу туралы хабарландыру жарияланған бұқаралық ақпарат құралдарында және ұлттық парк пен уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында жариялайды.

35. Тендерге қатысуышы комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда тендер нәтижелеріне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

36. Шарт жасалған күннен бастап құнтізбелік бір жыл ішінде пайдаланушы эскизге (эскиздік жобаға) сәйкес әзірленген ЖСҚ дайындауды жүзеге асырады және оны құрылыштың құнтізбелік жоспарымен бірге ұлттық паркке ұсынады.

ЖСҚ және құрылыштың құнтізбелік жоспары ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұлттық парк ЖСҚ-ны келісуді жүргізеді.

37. Ұлттық паркпен келісілген ЖСҚ-ны құнтізбелік отыз күннен кешіктірмей пайдаланушы "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-1-бабына сәйкес ведомстводан тыс кешенді сараптамаға жібереді.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 22.09.2021 № 662 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

38. Пайдаланушы ЖСҚ-ға ведомстводан тыс кешенді сараптаманың он қорытындысын алғаннан кейін ұлттық паркті алдын ала жазбаша нысанда хабардар етіп, объектілердің құрылышын бастайды.

39. Участекін ұзақ мерзімді пайдалану шартында пайдаланушы ЖСҚ-ны уақтылы әзірлемеген және (немесе) тендерлік құжаттамада белгіленген құрылыш мерзімін бұзған жағдайда оны біржақты тәртіппен бұзудың негіздері қамтылады.

Шартты екі тараптың келісімімен ғана өзгертуге немесе бұзуға болады. Келісімге қол жеткізілмеген не тараптардың бірі бас тартқан жағдайда, дау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

40. Участкені пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін пайдаланушының ұлттық парктің участкесін пайдалану мерзімін ұзартуға басым құқығы болады.

4. Ұлттық парктің участкелерін уақытша объектілерді орналастыру үшін қысқа мерзімді пайдалануға беру

41. Тарихи-мәдени мұра объектілері орналасқан участкелерді қоспағанда, ұлттық парктің участкелері қысқа мерзімді пайдалануға рекреациялық жүктемелердің нормаларын ескере отырып, уақытша объектілер (шатырлы лагерлер, қоғамдық тамақтандыру объектілері, бивак аялдамалары мен тамашалау алаңдары, жағажайлар, қайық станциялары, велосипедтер мен суда жүзетін көлік түрлерін және жағажай мүкеммалын жалға беру пункттері), бал арасын өсірумен айналысу үшін қажет уақытша құрылыштар салып, стационарлық омарталар орналастыру үшін беріледі. Участкелер бас жоспарға сәйкес туристік соқпақтардың, маршруттардың бойында, сондай-ақ олардан бөлек жерлерден беріледі.

42. Ұлттық парк конкурсқа шығарылатын ұлттық парктің участкесін қысқа мерзімді пайдалануға беруге конкурстық құжаттама дайындайды, ол ұлттық парктің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның бұйрығымен бекітіледі.

43. Конкурстық құжаттамада:

- 1) бас жоспарға сәйкес қалыптастырылған конкурсқа шығарылатын лот (лоттар);
- 2) конкурстың өткізілетін уақыты мен орны туралы ақпарат;
- 3) конкурстық өтінімдер берудің тәсілі, орны және түпкілікті мерзімі мен олардың қолданылу мерзімі;
- 4) пайдалану үшін участке беру шарттары, оның нысаналы мақсаты;
- 5) жер участкесінің ауданы көрсетіліп, участке сыйбасы қоса берілген таңдау актісі қамтылады.

44. Әлеуетті қатысушылардың конкурстық құжаттама жобасын алдын ала талқылауы осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

45. Алдағы болатын конкурс туралы хабарландыруды орналастыру осы Қағидалардың 18-тармағында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

46. Конкурстық комиссия (бұдан әрі – комиссия) ұлттық парк басшысының бұйрығымен құрылады, оның құрамына ұлттық парктің, жергілікті атқарушы органдардың туризмді дамыту мәселелерімен айналысатын құрылымдық бөлімшесінің, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің, үкіметтік емес

ұйымдардың (келісу бойынша), ұлттық парк жанындағы үйлестіру кеңесінің екілдері кіреді.

47. Конкурстық құжаттаманы алу үшін әлеуettі қатысушы ұлттық паркке лоттарды көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді. Өтінішті осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес хабарландыруда көрсетілген мекенжайға электрондық хат арқылы жіберуге болады.

48. Ұлттық парк конкурстың әлеуettі қатысушыларын тіркегенге дейін конкурстық құжаттаманы алған тұлғаларға туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін бөлінген участкермен танысуға мүмкіндік береді.

49. Конкурстың әлеуettі қатысушысы конкурстық құжаттамада белгіленген талаптар мен мерзімдерге сәйкес конкурстық өтінім дайындауды және жабық конвертте ұлттық паркке тіркеуге ұсынады. Конкурстық өтінім тіркелген сэттен бастап конкурстық өтінім берген тұлға конкурсқа қатысушы мәртебесін алады.

Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасының шетел қатыспайтын заңды тұлғаларына тендерге қатысуға рұқсат беріледі.

50. Конкурсқа қатысушы мынадай құжаттарды (мемлекеттік немесе орыс тілдерінде) ұсынады:

1) лоттар көрсетілген конкурсқа қатысуға арналған конкурстық өтінім;

2) заңды тұлғалар үшін – жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесі, жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландаудың құжаттың көшірмесі;

3) мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін, сондай-ақ оның аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілерін, санитариялық-гигиеналық және ертке қарсы іс-шараларды сақтау жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, ұлттық парктің участкесін пайдалану және абаттандыру жоспары;

4) тендерге қатысушының уақытша объектілер орналастыруға жеткілікті қаржы қаражатының болуы немесе қарыз қаражатына қолжетімділік не тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы туралы құжаттар;

5) жергілікті халық үшін жаңа жұмыс орындарын құруды және мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдай жасауды ескере отырып, мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілерінің, сондай-ақ оның аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған ұсынылатын қызметтер мен жұмыстардың тізбесі.

51. Конкурсқа қатысады шектейтін және орынсыз қынданататын басқа талаптарды белгілеуге жол берілмейді.

52. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу осы Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

53. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу нәтижелері бойынша конверттер ашылған күні комиссия хатшысы конверттерді ашу хаттамасын

жасайды, оған комиссияның барлық мүшелері қол қойып, расталған көшірмелер конкурсқа қатысуышыларға беріледі.

54. Конкурстық өтінімдерді бағалауды комиссия конверттер ашылған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде өткізеді.

55. Басқа үміткерлер болмаған кезде конкурстың жалғыз қатысуышы, егер ол осы Қағидалардың 50-тармағында көзделген талаптарды сақтаса, конкурс жеңімпазы болып танылады.

56. Егер конкурсқа қатысуышылардың конкурстық өтінімдерін комиссия конкурстық құжаттаманың шарттарына сай келмейді деп таныса, конкурс өткізілмеді деп есептеледі.

57. Конкурсқа қатысуышылардың арасынан оның жеңімпазын таңдау комиссияның отырысында жүргізіледі, бұл ретте комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екіншің қатысуы шарт. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер комиссияның қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілігі ол үшін дауыс берсе, қабылдады деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссияның кез келген мүшесі комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда ерекше пікірін білдіреді, оны жазбаша түрде баяндап, ұлттық парк участкелерін қысқа мерзімді пайдалануға беруге арналған конкурс қорытындыларының хаттамасына (бұдан әрі – конкурс қорытындыларының хаттамасы) қоса береді.

58. Әрбір лот бойынша конкурс қорытындыларының хаттамасына комиссияның қатысып отырған барлық мүшелері, хатшысы қол қояды және онда осы Қағидалардың 31-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес ақпарат қамтылады.

59. Конкурс қорытындылары хаттамасының негізінде ұлттық парк жеті жұмыс күні ішінде конкурс жеңімпазына Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес конкурс нәтижелері және қысқа мерзімді шарт (бұдан әрі – шарт) жасасу туралы хабарлама жібереді.

Шарт жасалғаннан кейін конкурс жеңімпазы ұлттық парктің участкесін пайдаланушы (бұдан әрі – пайдаланушы) болып танылады.

60. Конкурс жеңімпазының шарт жасасу үшін өзіне хабарлама жіберілген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде келмеуі ұлттық парктің участкесін пайдаланудан бас тарту ретінде қаралады.

Бұл жағдайда комиссия жеңімпазды ұлттық парктің участкесін қысқа мерзімді пайдалану бойынша ең қолайлы шарттар ұсынған конкурсқа қатысуышылардың қалғандарының арасынан айқындейды не бұл лот осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен келесі конкурсқа шығарылады.

61. Конкурс нәтижелері мен қорытындыларының хаттамасын ұлттық парк конкурсы өткізу туралы хабарландыру жарияланған бұқаралық ақпарат құралдарында және ұлттық парк пен уәкілдегі органның ресми интернет-ресурсында жариялады.

62. Конкурсқа қатысушы комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда конкурс нәтижелеріне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

63. Участкені пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін пайдалануышының ұлттық парктің участкесін пайдалану мерзімін ұзартуға басым құқығы болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК